

## ИСЛАМ ШАРИҒАТЫНДАҒЫ «ӘҺЛИЯ» ҰҒЫМЫ

А.А. Бектуғанов, Р.С. Мухитдинов

### АҢДАТПА

Бұл мақалада ислам шариғатындағы «әһлия» ұғымы зерттеліп, оның мағынасы мен түрлері, сондай-ақ тұлғаны әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп тану талаптары қарастырылады. Ислам шариғатындағы құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі жеке тұлғаның заңдық маңызы бар әрекеттерді жасауға, жауапкершілік көтеруге және құқықтық қатынастарға қатысуға қабілеттілігін білдіреді. Ислам шариғаты бұл мәселеге адамның өз міндеттерін түсініп, әрекет ету қабілетін ескере отырып қарайды. Талдау ақыл, психика, жас сияқты әртүрлі сипаттамаларды қарастыруды, сондай-ақ құқық қабілеттілігіне әсер ететін уақытша факторларды зерттеуді қамтиды. Ақыл-есі кем немесе жоқ адамдардың, тәмиз (естияр) жастағы (7 жас) балалардың қабілеті анықталады. Адамның әрекетке қабілетсіздігі немесе әрекетке қабілеттілігінің шектеулі туралы шешімді сот немесе адам тұлғаның қабілетіне қарай қабылдауы мүмкін. Шектеулер адамның еркінен тыс кездейсоқ жағдайларға байланысты немесе адамның өз еркімен туындауы мүмкін. Құқық қабілеттілігі адамның туған кезде, ал әрекет қабілеттілігі саналық немесе жыныстық жетілу кезінде пайда болуы адамның құқықтары мен міндеттерінің уақыт өте өзгеретінін көрсетеді. Фиқһ ғалымдары адамның дүниеге келгеннен бастап өлімге дейінгі жағдайын реттейтін ережелерді белгілеп, бұл мәселенің ислам шариғатындағы маңыздылығын көрсетеді. Мақала авторлары адамның қабілетіне психикалық және физикалық күй әсер ететін көзқарасты ұстанады, бұл өзгерістер оның өмірінің әр кезеңінде байқалады. Құқық пен әрекет қабілеттіліктің бірден пайда болмай, бірте-бірте арта түсуі адамның ақыл-ойы мен жай-күйін ғана емес, оның жасын, ақыл-парасатын, адамдық сипатын да ескеру қажеттігін көрсететіні атап өтіледі.

**Түйін сөздер:** ислам, шариғат, құқық, әһлия, әрекет қабілеттілігі, қабілетсіздік.

Нұр-Мұбарак Египет Ислам Мәдениеті Университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:  
Бектуғанов А.А.,  
endernumber10@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:  
Мақаланың сілтемесі:  
Бектуғанов А.А.,  
Мухитдинов Р.С. Ислам шариғатындағы «әһлия» ұғымы. – Адам әлемі. – 2024. – №3 (101). – 144-154.

### Понятие «ахлия» в исламском шариате

**Аннотация.** В представленной статье рассматривается понятие «ахлия» в контексте исламского шариата, выясняя её значения и виды, а также устанавливая требования к признанию человека недееспособным или ограниченно дееспособным. В исламской правовой системе, правоспособность и дееспособность означают способность индивида совершать юридически значимые действия, нести ответственность и участвовать в правовых отношениях. Исламский шариат подходит к этому вопросу, учитывая способности человека понимать свои обязанности и выполнять их. Анализ включает в себя рассмотрение различных характеристик, таких как интеллект, психика, возраст, а также изучение временных факторов, влияющих на дееспособность. Определяется способность умственно отсталых, умалишенных лиц или детей в рассудительном возрасте тамйиз (7 лет). Решение о статусе недееспособности или ограниченной дееспособности человека может быть принято судом или осуществлено человеком, основываясь на его способностях. Ограничения могут возникнуть из-за случайных обстоятельств, не зависящих от воли человека или же быть приобретенными.

Факт, что правоспособность приходит к человеку при рождении, а дееспособность наступает в момент интеллектуальной или половой зрелости, свидетельствует о том, что права и обязанности человека изменяются со временем. Ученые юриспруденции устанавливают правила, регулирующие условия жизни человека с момента рождения до смерти, демонстрируя важность этого вопроса в исламском шариате. Авторы статьи придерживаются точку зрения, согласно которой на способность человека влияют как психическое, так и физическое состояние, эти изменения наблюдаются на каждом этапе его жизни. Отмечается, что факт того, что права и дееспособность появляются не сразу, а постепенно увеличиваются, указывает на необходимость учитывать не только интеллект и состояние человека, но и его возраст, ум и человеческий характер.

**Ключевые слова:** Ислам, шариат, право, ахлия, дееспособность, недееспособность.

### The Concept of “Ahliya” in Islamic Sharia

**Abstract.** This article examines the concept of “ahliya” in the context of Islamic Sharia, clarifying its meanings and types, as well as establishing requirements for recognizing a person as incompetent or partially capable. In the Islamic legal system, right capacity and deed capacity mean the ability of an individual to perform legally significant actions, bear responsibility and participate in legal relations. Islamic Shariah approaches this issue by taking into account a person’s ability to understand and fulfill his duties. The analysis includes consideration of various characteristics, such as intelligence, psyche, age, as well as the study of temporary factors affecting deed capacity. The ability of mentally retarded, insane persons or children of reasonable age tamiiz (7 years) is determined. A decision regarding a person’s incapacity or limited capacity status may be made by a court or made by the person based on their abilities. Restrictions may arise due to random circumstances beyond the control of a person, or they may be acquired by the person himself. The fact that right capacity comes to a person at birth, and deed capacity comes at the time of intellectual maturity or puberty, indicates that the rights and responsibilities of a person change over time. Scholars of jurisprudence establish rules governing the human condition from birth to death, demonstrating the importance of this issue in Islamic Sharia. The authors of the article adhere to the point of view according to which a person’s ability is influenced by both mental and physical state, these changes are observed at every stage of his life. It is noted that the fact that rights and deed capacity do not appear immediately, but gradually increase, indicates the need to take into account not only the intellect and condition of a person, but also his age, intelligence and human character.

**Key words:** Islam, Shariah, Law, Ahliya, Deed Capacity, Incapacity.

### Қіріспе

Ислам дінінде адамның дін және қоғам алдында белгілі бір жауапкершіліктері және осы жауапкершіліктерінің шарғи не заңды салдары да бар. Діни түсінікте адамға белгілі бір жауапкершілікті арту үшін ол адамның бойында табылуы тиіс нақты сипаттар не шарттар бар. Осы сипаттар мен шарттарға қарай ол адам діни не заңды жауапкершілік арқалауға жарамды не қабілеті болады. Осы жарамдылық не қабілет «әһлия» деп аталады.

Қазіргі қоғамда адамның қабілеттілігі оның негізгі құқықтары мен жауапкершіліктеріне әсер ететін маңызды аспектіге айналууда. Сондықтан құқықтық жүйелердегі, әсіресе ислам діни аясында қабілет мәселесі терең талдау мен түсінуді қажет етеді. Тақырыптың өзектілігі адамды оның түсіну мен атқару алу қабілетіне қарай дұрыс тану. Себебі

қабілетіне қарай мәртебесін дұрыс анықтау қоғамдағы әділеттілік пен этиканы қамтамасыз етеді, қабілетіне байланысты оған құқықтар мен міндеттер артылады, егер қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі болған жағдайда жасаған күнә қылмыстарына мүлктік жауапкершілік артылады. Сондықтан тұлғаны қабілетті деп қате пікірмен оған жаза беру және қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі адамды дұрыс танымау адамның адамдық сипатына қайшы келеді.

Зерттеудің мақсаты – ислам шариғаты (құқық жүйесі) тұрғысынан тұлға қабілеттілігі мәселесін зерттеу.

Зерттеудің міндеттері – исламдағы әһлия (қабілет, жарамдылық) ұғымына анықтама беру, қабілеттің түрлерін, әрекет және құқық қабілетін шектейтін және жоқ деп танудағы критерияларды анықтау.

Әртүрлі құқықтық жүйелерде қабілет мәселесі ауқымды зерттеулер-

ге мол болғанына қарамастан, ислам құқығында зерттеулер жеткіліксіз. Мысалы, Акурпикова Гүлзат жазған «Ислам дініндегі жауапкершілікке қабілетті тұлға» мақаласында [1] ислам шарифаты тұрғысынан қабілет ұғымы, оның түрлері қысқаша айтылып өткен. «Ислам құқығына кіріспе» кітабының авторы Түсіпхан Имамәди әһлия (қабілет) теориясына түсіндірме беріп, оның түрлерін, адамның әһлия тұрғысынан сатыларың, оған жақсы мысалдар және әһлияны шектейтін (қабілетсіздік) себептерді жазған [2, 163-175 бб.].

### **Әдіснама**

Бұл зерттеу келесі әдістер мен әдіснамалық көзқарастарды пайдаланады:

Заңдарды талдау: Бұл әдіс арқылы исламдық діни мәтіндерге егжей-тегжейлі шолу жүргізіледі.

Терминдерді анықтау: Құқықтық жүйедегі қолданылған терминдерді анықтауға мүмкіндік береді. Исламдағы «әһлия», «зиммә» сияқты терминдерге интерпретация беру үшін қолданылады.

Транслитерация беру: Зерттеуде арабша сөздердің транслитерациясы немесе қазақша аудармасы беріліп, жақшаның ішінде арабша тіліндегі түснұсқасы жазылады.

Сыни талдау және синтез: тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды, ұстанымдарды және ғылыми еңбектерді сыни тұрғыдан қарастыру әдісі. Ол ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және мәселе бойынша өз ұстанымыңызды қалыптастыру үшін әртүрлі көздерді талдауды қамтиды.

Бұл әдістер мен тәсілдер құқық және әрекетке қабілеттілік мәселесін ислам фиқһы контекстінде терең және жан-жақты түсінуді қамтамасыз ете отырып, тақырыптың мазмұнын ашуға және қойылған міндеттерге жетуге көмектеседі.

### **Әһлия (қабілет, жарамдылық) түсінігі**

Ислам басқа жаратылыстардан ерекшеленетін белгілердің жиынтығымен, нақтырақ айтқанда ақыл, ерік, жауапкершілікпен сипатталатын құқық

субъектісі саналатын адам рөліне ерекше мән береді. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде адам сөзі жеке тұлға ұғымымен беріліп, ҚР-ның азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдарды қамтиды [3, 12-бап.]. Тұлғаның ерік-жігері мен жауапкершілігі бар екенін Әхзәб сүресінің 72 аятында «Расында, біз аманатты (яғни өз еркімен Аллаға лайықты құл болу сынды үлкен жауапкершілікті) жеті қат көкке, жерге және тауларға (мойындарыңа алыңдар деп) ұсындық. Алайда олар оны мойындарына алудан қашты, оның ауыр жауапкершілігінен қорықты. Сөйтіп, оны адам баласы өз мойнына алды» [4, 427 б.] адамның өз ықтиярымен аманатты көтеруі дәлел бола алады. Исра сүресінің 70 аятында «Біз, расында да, адам баласын ардақты қылып, көптеген нығметке бөледік: оларға құрлықта да, теңізде де мініс көліктер нәсіп еттік. Таза әрі жағымды азықтарды ризық етіп бердік. Сондай-ақ оларды жаратқандарымыздың көбінен әлдеқайда үстем қылдық» [4, 289 б.]. Ғалымдардың кейбірі адамның үстемдігі сөйлеу және ажырату қабілеттілігі деп білсе, кейбірі ақыл деп түсінеді [5, 126 б.]. Адам екі құқықтық құрылымның басты және маңызды субъектісі болуы және оның қоғамдағы рөлі әрбір тұлғаның міндеттері мен құқықтарың анықтау қажеттілігін туғызады.

Шарифат адамға оның физикалық және ақыл-ой мүмкіндіктерінен тыс міндеттер мен міндеттемелер жүктемейді. Бұл қағидаға Құран Кәрімнің: «Алла ешбір жанға Өзі берген мүмкіндіктен артық жүк артпайды» [4, 559 б.] деген аяты дәлел бола алады. Ислам фиқһында шарифат нормаларын орындауға міндеттелген адам (мукәлләф) – әл-мәһкум фәләйһ (المحكوم عليه) деп аталады [6, 158 б.]. Абдулуаһһаб Халләф «Илм әл-усул әл-фиқһ» атты кітабында «Адамды мукәлләф деп тану үшін бірінші, ол өз міндеттерін түсінуі, оның дәлелдерін зерделей алуы шарт. Жарлықты өз бетінше немесе біреудің көмегімен түсінуге қабілеттің болуы ақылды талап етеді. Түсіну, зерделеу ақылдың қызметі және ол арқылы ниеттер амалдарға айналады. Бірақ ақыл жасырын, сезу мүшелерімен бар-жоғын

айқындау мүмкін емес болғандықтан, адам қабілеттілігін айқын дәлелге, ақылдың болуына нұсқайтын балиғат жасына жеткеніне сүйеніп анықталады. Балиғат жасына жеткен тұлғада бала кезінде ақыл кемістігі байқалмаса мукәлләф болып саналады. Екінші, қойылатын шарт тұлғаның міндеттелген іске қабілеттілігі, жарамдылығы (әһлия *الأهلية*) болуы» деп мукәлләфті анықтауда екі шарт қояды [7, 126-127 бб.]. Әһлия (қабілет) ұғымы лексикалық және терминдік мағынасы тұрғысынан қарастырсақ, «әһлия» сөзі әһл (*أهل*) түбірінен шығады және лайық, сәйкес деген мағынаны білдірсе, адамның бір іске әһлиясы бар деген ол іске жарамдылығы, құзыреттілігі бар деген мағынада [8, 31-32 бб.]. Әһл сөзі Фәтх сүресінде «Негізінде, олар бұған (өзгелерге қарағанда) әбден лайық еді» [4, 514 б.] деп қолданылады. Фахруддин әр-Рази «Расында, біз аманатты (яғни, өз еркімен Аллаға лайықты құл болу сынды үлкен жауапкершілікті) жеті қат көкке, жерге және тауларға (мойындарыңа алыңдар деп) ұсындық» [4, 427 б.] аятындағы «аманат» сөзін қабілет, яғни «тұлғаның заңды құқықтар тұрғысынан міндеттер мен тыйымдар көтеруге жарамдылығы» деп түсіндіреді [9, 235-236 бб.]. Уаһба әз-Зухайли [6, 163 б.], Алауддин әл-Бухари 335 [10] б.], әл-Мулә Али әл-Қари әл-Һарауилар да [11, 441 б.] бұл анықтамамен келіседі. Әһлияның *фиқһ* терминологиясында «тұлғаның заңды құқықтар тұрғысынан міндеттер мен тыйымдар көтеруге жарамдылығы» [10, 335 б.] деген анықтамадан басқа, Мустафа әз-Зарқа: «әһлия – адам бойындағы (шариғатпен белгіленген) оны шариғат міндеттемелеріне лайықты субъект ететін қасиет» деп анықтама берген [12, 783 б.]. «Әл-Мәдхал әл-фиқһи әл-ғам» кітабында бұл анықтаманы келесідей түсіндіреді: «Бұл жердегі қасиет немесе сипат – өзгермелі хәл деген мағынаны береді. Себебі тұлға барлық құқық пен міндеттерге бірден ие болмайды. Адам қабілетінің бірте-бірте жоғарылауының әсерінен оған алдымен құқықтар, кейін міндеттер, сайып келгенде, ол өзі ықыласпен қабылдаған және қабылдауға міндеттенген міндеттемелері толықтай оның жауапкершілігіне өтеді. Адам

бойындағы бұл сипатты шариғат (міндеттеу мен тыйым салуға құдыретті) белгілейді» [12, 783-784 бб.]. Бұдан түсінетініміз адамда ақылдың болуы немесе оның жоқ екеніне белгілер көрінбесе, балиғат жасына жетуі және қабілетінің болуы оны міндет арқалауға жарамды тұлға етеді. Сол үшін балиғатқа жетпеген бала (*الصبي*), ақылынан адасқан адам (*المجنون*) мукәлләф деп есептелмейді. Сондай-ақ ұйқытап жатқан (*النائم*), бейқам (ғапыл *الغافل*) және мас (*السکران*) болған адам да, бұл күйлерде ақылдан уақытша айырылу себебінен мукәлләф ретінде саналмайды. Адамға барлық міндеттер туа салып жүктелуі мүмкін болмағандықтан, оның шариғат қағидаларына сәйкес физикалық және психикалық жағдайы ескеріледі. Адамның ақыл-ойы мен қабілетінің дамуы бірте-бірте міндеттерінің артуына және сол міндеттерді шариғат тұрғысынан есептелетін күйде орындауға мүмкіндік туғызады.

### **Әһлия (қабілет) түрлері**

Ислам құқығында әһлияны екіге бөліп қарастырады: әһлия әл-ужуб (құқық қабілеттілігі) және әһлия әл-әдә` (әрекет қабілеттілігі) [12, 784 б.]. Құқық қабілеттілігі – адамның құқыққа ие болып, міндет атқаруға қауқарлығы [13, 79 б.]. «Ислам құқығына кіріспе» кітабында «кісінің ақы иесі немесе борышкер бола білуге, құқықтарды пайдалануға өкілетті болуы» деген анықтама береді [2, 163 б.]. Құқыққа қабілеттілік эмбрион сәтінен басталып қайтыс болғанға дейін адамның әрбір өмір сатыларында жалғасады және барлық адамға бірдей болып табылады [6, 163 б.]. Бірақ әһлия әл-ужуб кемел немесе нақыс болуы мүмкін [14, 26 б.]. Егер оған құқықтар бекітіліп, бірақ міндеттері жоқ болса нақыс құқық қабілеттілігі деп аталады [15, 493 б.]. Мысалы, эмбрионның анасының құрсағында минас және өсиетке, уақф (қор) мүлкіне құқығының болуы, бірақ оған ешқандай міндеттер тағайындалмауы [13, 80 б.]. Заңнамада туылмаған азаматтарға белгілі бір құқықтар берілген (болжамды) жағдайлар қарастырылған. Мысалы, тірі кезінде құрсақ көтерген және мұра қалдырушы қайтыс болғаннан кейін туған

бала заң бойынша мұрагер деп танылады және мұрадағы өз үлесіне құқығы бар. Сонымен бірге құқық қабілеттілік тіпті туылғанға дейін, яғни құқық субъектісі пайда болғанға дейін басталады деп айтуға болмайды. Құқық субъектісі болмаса, құқық қабілеттілігі болмайды [16, 29 б.]. Эмбрионның әһлиясының нақыс болу себебі екі жақты қаралуында, бір жағынан анасының бір бөлігі болған себепті оған ешқандай зиммә (құқық пен міндет) қарастырылмайды, екінші жағынан дербес жан болғандықтан, ол нақыс әһлияға ие болып тек қана құқықтар бекітіледі. Бірақ эмбрион мирас пен өсиетті алуда тірі туылуы шарт болып табылады, оған дейін мұрагерлік рәсімі тоқтап тұрады [12, 793 б.]. Кейбір фиқһ ғалымдары мәйтті де нақыс не кемел құқық қабілеттілігі бар деп мысалға келтірген [6, 166 б.]. Бірақ бұл қате пікір, себебі, мәйтте басқа адамдарға деген қарыздары немесе адамдардың оған қарыздары болса, ол қарыздар оның мұра алушы мирасқорларына құқық немесе міндет болып түседі [7, 128 б.]. ҚР заңнамаларына қарасақ, ҚР азаматтық кодексіңде тұлғаның азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті азаматтық құқық қабілеттілігі болып табылады және ол барлық азаматтарға туған кезден басталып қайтыс болғанға дейін бірдей деп танылады [3, 13-бап]. Азамат өз атымен құқықтар мен міндеттер алады және оларды жүзеге асырады [3, 15.1-бап]. Бірақ басқа бір адамның есімімен құқықтар мен міндеттер иеленуге жол берілмейді [3, 15.7-бап]. Ол өз есімін заң құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша өзгертуге құқылы, бірақ есімін өзгерту оның бұрынғы есімін, жасырын немесе бүркеншік атпен (ойдан шығарылған есім) алған құқықтары мен міндеттерін тоқтатуға немесе өзгертуге негіз болмайды [3, 15.4-бап]. Ислам шариғатында адамдардың нақыс құқық иесі болуы тек қана құқықтарға ие болып, кей міндеттер көтеруі мүмкін екенін түсіндіреді.

Ал егер адамға тек қана құқықтар емес, міндеттер де парыз болса ислам шариғатында оны кемел құқық қабілеттілігі бар тұлға деп атауға болады [14, 28 б.]. Кемел әһлия әл-ужуб барлық тірі туылған балаға өмірден өткенге дейін бекиді [15, 493 б.]. Балалық, ақыл

адасу (мәжнүн) немесе соған ұқсас себептердің әсерінен адамнан құқық қабілеттілігі ажырамаса да, осы себептердің ықпалынан ондай тұлғаға әрекет қабілеттілігі тағайындалмайды [13, 80 б.]. Уәһбә әз-Зухәйли өзінің «Усул әл-фиқһ» кітабында келтірген мысалы: «7 жасына жетпеген (ғайру мумәйиз غير مميز) немесе ақыл есінен адасқан адамның қорғаншысы (уәлиі) оның мүлкінензекет, нәпәқаміндеттемелерінің берілуі, бүлдірген нәрсенің құның өтеуі сияқты. Бұл мысалда сәби мен мәжнүнде кемел құқық қабілеттілігі болғанымен ақылдары жетілмеген немесе әлсіз болғандықтан оларға міндеттемелер тікелей жүктел-мейді. Қорғаншысы (уәли ولي) немесе қамқоршысы (уаси وصي) әрекет қабілеттілігі жоқ тұлғалардың (мәжнүн және сәби) мүлкінен оларға жүктелген қылмыстық немесе қаражаттық мәселелерді көтереді» [6, 166 б.]. Азамат кредит, салық және т.б міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлікпен жауап береді, бұған заң құжаттарына сәйкес ақы өндіріп алуға болмайтын мүліктер кірмейді [3, 20-бап]. Фиқһта мумәйиз (сәби, бала) ұғымы жақсы мен жаманды, пайдалы мен зиянды ажырата алатын, 7 жастан асқан балаға қолданылады [17, 968 б.]. Балиғат жасына толу шауқаттың еріксіз немесе ерікті түрде шығуымен, ол болмаған жағдайда 15 жасқа толумен анықталады [18, 153 б.]. Ислам шариғатында адамның сыртқы және ішкі белгілеріне қарап балиғат немесе мумәйиз жасына жетуін белгілейді, ал жас болжамды түрде қойылған шек. ҚР Азаматтық Кодексте он төрт жасқа дейінгі көмелетке толмағандар (жас балалар) өздерінің жасына лайықты, жасай салып орындалатын тұрмыстық ұсақ келісімдерден басқа мәмілелерді, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, олардың атынан заңды өкілдері жасайды [3, 23-бап] немесе олардың келісімімен жасайды [3, 22-бап]. Сол сияқты он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі көмелетке толмағандар өздерінің табысына, стипендиясына, өзге де кірістеріне және өздері жасаған интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне өз бетінше билік етуге құқылы [3, 22.2-бап.]. Бірақ жеткілікті негіздер болған жағдайда бұл

құқығын шектеуі немесе ол құқықтан айыруы мүмкін [3, 22.3-бап]. Заң құжаттарында көзделген реттер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімнің де құқық қабілеттілігін шектеуге болмайды [3, 18.1-бап]. Азаматтың құқық қабілеттілігінен толық немесе ішінара бас тартуы, заңнамалық актілерде рұқсат берілген жағдайларды қоспағанда маңызсыз болады [3, 18.3-бап]. Ислам және Қазақстан заңнамалық жүйелерінде адамның құқыққа қабілеттілігі туғаннан басталып қайтыс болғанға дейін жалғасатыны, оның барлық адамдарға бірдей болып танылатыны және құқық қабілеттілігінен адам өз бетінше ешқандай себептерсіз бас тарта алмайтыны ұқсас болып табылады. Сондай-ақ құқық қабілеттілігі нақыз тұлғалардың өз мүлкіне құқығы болған сияқты, өкілдері олардың міндеттемелерін сол мүліктен өтейтіні екі құқықтық жүйеде мағыналас келеді.

Әрекет қабілеттілігі – жеке тұлғаның нақты құқықтық актілерді орындауға жарамдылығы. Усул әл-фиқһ терминологиясында әһлия әл-әдә: «шариғат тұрғысынан тұлғаның іс-әрекеттер орындап, шешім қабылдауға және сол әрекеттерінің нәтижесіне жауапкер болуға қауқарлылығы» [14, 28 б.]. Егер тұлғадан келісімшарт немесе өзіндік іс-әрекет көрінетін болса, оның амалдары шариғат тұрғысынан есепке алынып (яғни заңды күшке ие болып), себепке байланысты салдары бекиді [7, 128 б.]. Бұл дегеніміз егер мукәлләф намаз, ораза, қажылық немесе кез келген басқа міндеттемелерді орындаса оның бойыннан парызы түседі, ал егер бір адамға, оның мүлкіне, абыройына қылмыс жасаса жазалар көтереді [6, 168 б.]. Сол үшін әһлия әл-әдә жауапкершілік (мәсулия المسؤولية) ұғымымен мағыналас термин [18, 493 б.]. Оның тағайындалуының негізі – тұлғаның саналы, кем дегенде балалық (7 жас) кезінде болуы [7, 128 б.]. Себебі адамның әрекетке қабілетті болуы үшін екі құдыреті: міндеттерді түсінуде – ақыл және амал атқаруда – дене болуы ға-лымдардың арасында қайшылығы жоқ шарттар [19, 401 б.]. Азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға

қабілеттілігі – азаматтық әрекет қабілеттілігі деп аталады [3, 17.1-бап]. Қазақстан заңнамасында тұлғаны әрекетке қабілетсіз [3, 26.1-бап], әрекет қабілеттілігі шектелген [3, 26.1-бап] және толық әрекет қабілеттілігі бар деп таниды [3, 17.1-бап]. Олай болған өзінде 14-18 аралығындағы кәмелетке толмағандарды және 14 жасқа дейінгі жас балаларды 22-1 және 23-баптарда бөліп қарастырады және кей заңнамалық кітаптарда 14 жасқа толмаған балаларды ішінара (частичная) іс-әрекетке қабілеттілігі және 14-18 жас аралығындағыларды іс-әрекетке шектеулі (ограниченная) қабілеттілігі бар деп атап өтеді [16, 29-30 бб.]. Бірақ 14-18 жас аралығындағыларды іс-әрекетке шектеулі деп тану қате пікір. Біріншіден, субъектіге тиесілі құқықтар ғана шектелуі мүмкін. Ал 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігінің аясы заңда нақты көрсетілген және олардың әрекет қабілеттілігі көп болмаған. Екіншіден, Азаматтық кодекстің 27-бабында азаматтардың әрекет қабілеттілігін шектеу негіздерінің жабық тізбесі көзделген. Осыған байланысты кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігінің шектелгендігі туралы емес, заңмен оларға берілетін әрекет қабілеттілігінің шектеулі көлемі туралы айтқан орынды [20, 92-93 бб.]. Адамдар өмірінің әуелгі кезеңінде қабілетсіз болса, бірте-бірте өзгеріп дамуының әсерінен бірінші жартылай кейін толықтай әрекет қабілеттілігіне ие болады. Сондықтан фиқһ ғалымдары да әрекетке қабілеттілікті үшке бөліп қарастырады: нақыз (النواقص), кемел (الكمال) және әрекетке қабілетсіз [15, 494 б.]. Абдулазиз әл-Бұхари нақыз әрекет қабілеттілігі бір не екі құдыреттің толық болмауы, ал кемел әрекет қабілеттілігі екі құдыреттің де толығы деп анықтама берген [10, 248 б.]. Тұлғаның ақыл-ойының толықпауы әсерінен нақыз әһлия әл-әдә 7 жастан балиғат жасына дейінгі балаға және ақыл есі кем (мәтуһ المعتوه) адамға тән [13, 80 б.]. «Әл-Уәжиз фи усул әл-фиқһ» кітабында: «Өзіндік іс-әрекеттер жасауында оларға сыйлық пен садақа сияқты тек пайдасы болатын болса, онда ол амалдары дұрыс саналады. Ал өздеріне зияны бар істі қорғаншы

(уәли) рұқсат берсе де атқара алмайды. Зияны мен пайдасы бірге келген жағдайда бала мен ақылы кем адам өздері шешім қабылдауға құқығы бар, бірақ соңғы қарар қорғаншысының (уәли) рұқсатына байланысты» [15, 494 б.]. Кемел әрекет қабілеттілігі балиғатқа жеткен ақыл есі түзу адамға тән қасиет [19, 403 б.]. Адам кемел әрекет қабілеттілігіне ақылдың кем екеніне дәлел болмаған жағдайда балиғат жасына жеткен сәтімен иемденеді, бірақ тұлғаға кемел әһлия әл-әдә тағайындауда негізгі фактор ақыл-ойының болуы, ол кәметет жасына жетумен немесе басқа да белгілермен сипатталса да [7, 130 б.]. Заңда кәмететке толғанда, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін [3, 17.1-бап] немесе он сегіз жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады [3, 17.2-бап]. Сондай-ақ жасы 16-ға жеткен кәмететке толмаған адам, егер ол еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін болса немесе оның заңды өкілдерінің келісімімен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса, толығымен әрекетке қабілетті деп жариялануы мүмкін [3, 22-1.1-бап]. Кәмететке толмаған адамды толығымен әрекетке қабілетті деп жариялау – эмансипация деп аталады [3, 22-1.2-бап]. Эмансипация оның заңды өкілдерінің келісімімен қорғаншы және қамқоршы органның шешімі бойынша не ондай келісім болмаған жағдайда соттың шешімі бойынша жүргізіледі [3, 22-1.2-бап]. Эмансипацияланған кәмететке толмаған адам, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ие болу үшін жас шектеуі белгіленген құқықтар мен міндеттерді қоспағанда, азаматтық құқықтарға ие болады және міндеттерді (оның ішінде өзінің зиян келтіруі салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша) мойнына алады, заңды өкілдер жауапты болмайды [3, 22-1.3-бап]. «Әрекетке қабілеттілігі жоқ» ол сәбидің балалық, яғни 7 жасқа дейінгі және мәжнүннің (жынды) өмір бойы немесе ауруынан айыққанға шейін кезеңі [15, 494 б.]. Жасаған келісім шарттары, іс-әрекеттері негізсіз (батила *باطل*), адам өлтірсе немесе басқа да қылмыстық іс атқарса мүліктерінен өлтірген адамның құнын,

жасаған құқық бұзушылықтары үшін айыппұл төлейді, олардан жанға-жан кегі алынбайды [7, 129 б.]. Заңнамада әрекетке қабілетсіз деп танылған азамат келтірген зиянды, егер олар зиян өздерінің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, оның қорғаншысы немесе оны қадағалауды жүзеге асыруға міндетті ұйым өтейді [21, 928.1-бап]. Қорғаншының немесе ұйымның әрекетке қабілетсіз деп танылған азамат келтірген зиянды өтеу жөніндегі міндеті оның әрекетке қабілеттілігі қалпына келген жағдайда да тоқтатылмайды [21, 928.2-бап]. Егер қорғаншы қайтыс болса не оның зиянды өтеу үшін жеткілікті қаражаты болмаса, ал зиян келтірушінің өзінде мұндай қаражат болса, сот жәбірленуші мен зиян келтірушінің мүліктік жағдайын, сондай-ақ басқа да мән-жайларды, атап айтқанда, зиян келтірушінің әрекетке қабілеттілігінің қалпына келуін ескере отырып, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды сол зиян келтірушінің мүлкі есебінен толық немесе ішінара өтеу туралы шешім қабылдауға құқылы [21, 928.3-бап]. Сол сияқты құмар ойындарға, бәс тігуге, спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарға салыну салдарынан өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшыратқан азаматтың әрекет қабілеттілігін сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде белгіленген тәртіп бойынша шектеуі мүмкін. Оған қамқоршылық белгіленеді. Ол тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы, бірақ басқа мәмілелер жасауды, сондай-ақ табысын, зейнетақысын және өзге де кірістерін алуды және оларға билік етуді ол тек қамқоршысының (уәли) келісімімен ғана жүзеге асыра алады [3, 27.1-бап]. Бұл амалдарын (есірткі, т.б) тоқтатқан жағдайда сот шешімінің негізінде азаматқа белгіленген қамқоршылықтың және әрекет қабілеттілігіне қойылған шектеудің күші жойылады [3, 27.2-бап]. Осыған ұқсайтын ислам фикһында хәжр – (حجر) арнайы сипаттамалармен нақты нәрселерге тыйым салу [22, 94 б.], санасыз балиғатқа жеткен адамға рушд (сана) көрінбейінше мүлкіне, ақшалай мәмілелеріне тыйым салынады [23, 70 б.]. Имам Әбу Ханифа балиғатқа толған

жеңіл ойлы, өзінің мүлкін мақсатсыз және пайдасыз құртатын адамның мүлкіне және мәміле жасауына тыйым салынбайды дейді [23, 86 б.]. Заң құжаттарында көзделген реттер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімнің де әрекет қабілеттілігін шектеуге болмайды [3, 18.2-бап]. Азаматтың әрекет қабілеттілігінен толық немесе ішінара бас тартуы, заңнамалық актілерде рұқсат берілген жағдайларды қоспағанда маңызсыз болады [3, 18.3-бап]. Жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе не істегенін білмейтін азаматты сот әрекет қабілеттілігі жоқ деп тануы мүмкін, соған байланысты оған қорғаншылық белгіленеді [3, 26.1-бап]. Әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған азаматтың атынан мәмілелерді оның қорғаншысы жасайды [3, 26.2-бап]. Егер сауығып кеткен немесе денсаулығы едәуір жақсарған жағдайда сот оны әрекет қабілеттілігі бар деп таниды, бұдан кейін одан қорғаншылық алынады [3, 26.3-бап]. Азаматтық кодекс пен ислам фиқһы адамды балиғатқа жеткенде немесе ақыл-есінің бар екеніне белгілері көрінгенде кемел әрекет қабілеттілігі бар деп тануы, балиғатқа жеткеннен кейін ақыл-есінің жоқ екеніне нұсқайтын белгілер болмаса тұлғаны әрекетке қабілетсіз деп анықтамайтыны, әрекетке қабілетсіз не қабілеттілігі шектеулі жанның міндеттерін қорғаншы мен қамқоршысы арқылы атқаруы екі құқықтық жүйеде жанасым бар екеніне дәлел болып табылады.

### ***Қабілеті шектеулі және қабілетсіз деп танудағы критериялар***

Адам бойындағы құқық және әрекет қабілеттілігі кей жағдайда шектеледі немесе жоғалады. Құқыққа қабілеттілік айттып өткеніміздей эмбрион сәтінде нақыс болып, туылғанда, балалық шағында, балиғатқа жеткеннен кейін, ояу және ұйқы, жындану және сау, саналы және зердесіз күйлерде кемел болады. Қайтыс болғанға дейін оны шектейтін немесе жоқ қылатын жағдайлар болмайды. Ал әрекет қабілеттілігі эмбрион және 7 жасқа толмаған балада болмаса, тәмиз жасынан асқан балаға нақыс күйінде

бекиді. Балиғат жасында тұлға кемел әһлия болғанына қарамастан, оған кей шектеулер әсер етіп, әһлия әл-әдә толықтай немесе ішінара шектелуіне немесе мукәлләфқа қатысты кей үкімдердің өзгеруіне алып келеді [7, 130 б.]. ҚР заңнамасына сәйкес азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті (азаматтық құқық қабілеттілігі) барлық азаматтарға бірдей деп танылады [3, 13.1-бап.] және ол қайтыс болған соң тоқтатылады [3, 13.2-бап.]. Әрекет қабілеттілігі 14 жасқа дейінгі [3, 23-бап.] және 14-18 жас аралығындағы кәмелетке толмағандарға шектеулі көлемде ғана берілген [3, 22-бап]. Әрекет қабілеттілігін шектеуде және әрекетке қабілетсіз деп тануда 2-2 шарттан қояды [20, 97 б.]. Ислам құқығы мен Қазақстан заңнамасы құқық қабілеттілігін шектеуге өлімнің, әрекет қабілеттілігін кәмелетке жетпеген балаларда шектеулі болатынына, әһлия кемел болғаннан кейін ғауарид (шектеу) әсер етуі арқылы шектелуі және жоғалуы мүмкін екеніне келіседі.

Әрекет қабілеттілігі тұлғаның ақылы кем болу (әтһ العته) себебінен шектеледі [7, 130 б.]. Ислам шариғатында зердесіз (сәфиһ السفيه) – сана-сезімі кемел, өрескел әрекеттері жаман таңдауына байланысты және қамсыз (ғәфлә الغفلة) – санасының кем болу себебінен транзакцияларына тыйым салынған [6, 183 б.] тұлғаның әрекет қабілеттілігі кемел болып есептеледі, бірақ олардың мүліктерін жоғалудан сақтау үшін оларға хәжр қолданылады [7, 131 б.]. Әһлия әл-әдә шектеуде Қазақстан заңнамасы 2 шарт қояды: 1. Алкоголь немесе есірткіні асыра пайдалану; 2. Осы заттарды қабылдау салдарынан өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшырату. Егер азаматтың отбасы болмаса, өзін ғана қиын материалдық жағдайға душар етсе, онда бұл оны әрекет қабілеттілігі шектеулі деп тануға негіз бола алмайды. Алкоголь немесе есірткіні асыра пайдаланатын азаматтың отбасының қиын материалдық жағдайын оның материалдық өмір сүру деңгейінің айтарлықтай төмендеуінде және бұл деңгейді көтерудің мүмкін еместігінде түсіну керек [24]. Құмар ойындарға, бәс тігуге, спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарға салыну салдарынан



өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшыратқан азаматтың әрекет қабілеттілігін сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің белгіленген тәртіп бойынша шектеуі мүмкін [3, 27-бап]. Ал ислами фиқһта бір ой бойынша харам болған спирттік ішімдіктер немесе есірткі қабылдаған адамның әһлиясы кемел болып табылады [11, 467 б.]. Екінші пікір тыйым салынған заттармен мас болған адамның келісімдері мен айтқандары қабылданбайды, бірақ жасаған қылмыстары үшін жауап береді [25, 133 б.]. Осы жерде екі құқықтық жүйенің айырмашылығы адамның алкоголь немесе есірткіні пайдалануда ислам фиқһында бірінші ой бойынша әһлиясы шектелмеуі және мукәлләфқа жарлықтың жалғасуы, ал ҚР заңнамасында асыра пайдаланған тұлғаның әрекет қабілеттілігі шектелуінде болғанымен, психобелсенді, оның ішінде харам заттарды асыра пайдалану ақылдың кемшілігіне алып барушы себеп болғандықтан бір жағынан ұқсас деп те айта аламыз. Қуаттырақ болған екінші пікір әһлия әл-әдәһны шектейді және бұл ҚР заңнамасымен сәйкес келеді. Ислам шарифатында діни рұқсат етілген заттармен және жолдармен (мәжбүрлі, мұқтаж) мас болған жағдайда әрекет қабілеттілігі жоқ болып есептеледі [19, 513 б.].

Бұдан басқа, жындану (жунун الجنون), ұйқы (нәум النوم), естен тану (иғмә الإغماء) әрекет қабілеттілігін жоқ қылады [7, 130 б.]. Жындану созылмалы және уақытша болып бөлінеді. Әрбір бөлім тумалы (асли أصلي) және кенеттен (тари طارئ) пайда болған деп қарастырылады [6, 169 б.]. Жынды ақылының жарамсыз және ажырату күші жоқ болған себепті әрекет қабілеттілігінен айырылған [25, 102 б.]. Сол сияқты ұйықтап жатқан және есінен танып қалған адам бұл хәлде тәклиф жоқ деп есептеледі. Ұйықтап жатқанда тәклиф жоқ дегеніміз – оның айтқандары бос сөз, тіпті талақ айтса да, күпірлік сөзін айтса да, жала жапса да, сатып алса да, сатса да, соған ұқсас нәрселерді айтса да, санамайтынын білдіреді. Әрекеттерге келетін болсақ, ол кепілдікті қажет ететін амалдар үшін жауап береді [13, 85 б.]. Азаматты әрекетке қабілетсіз деп тану туралы шешім қабылдаған кезде

сот екі негізді басшылыққа алады: 1. Медициналық – жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі болуы; 2. Психологиялық – азаматтың өз іс-әрекетінің мәнін түсіне алмауы немесе оны басқара алмауы [20, 95 б.]. Бұл ҚР Азаматтық кодексінің 26.1-бабында: Жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе не істегенін білмейтін азаматты сот әрекет қабілеттілігі жоқ деп тануы мүмкін [3, 26.1-бап].

### Қорытынды

Мақалада ислам шарифатының бір адамға дін не қоғам алдында жауапкершілік арту үшін ол адамның бойынан бірнеше сипаттардың табылуына мән беретіндігін түсіндік. Бұл сипаттар болмай ол адам дін алдында да, қоғам алдында да жауапқа тартылмайды екен. Зерттеу нәтижесінде ислам шарифаты және Қазақстан заңнамасы контекстіндегі құқық және әрекет қабілеттілігін түсінудегі ұқсастықтармен қатар айырмашылықтар да анықталғанын атап өтуге болады. Екі жүйеде де құқық қабілеттілігі нақты құқықтарға ие болып, міндет көтеруге қауқарлығын айтса, әрекет қабілеттілігі адамның сол құқық пен міндеттерді атқара алу құзыреттілігі. Ислам құқығы мен Қазақстан заңдары өмірдің әртүрлі кезеңдерінде өзгеретін психо-физикалық жағдайлардың әсерін мойындайды, соған сая адамды әрекетке қабілетті, қабілетсіз және әрекет қабілеттілігі шектелген деп таниды. Әрекеттен ішінара не толықтай шектелген тұлғаға қорғаншы мен қамқоршыны тағайындауы екі жүйенің де адамның жағдайына аса назар аударатынын білдіреді. Эмансипация ұғымы екеуінде де кездеседі. Дегенмен, ұқсастықтарға қарамастан, әрекетке қабілетті деп танудағы жасты белгілеу жағынан белгілі бір айырмашылықтар бар. Жас тұрғысынан заңнамада нақты сандар жазылса, ислам фиқһы болжамалы түрде ақыл-ой мен әрекетке қауқарлығын ескере отырып қарайды. Үкім өзгертуші, қабілетті шектейтін және қабілетсіз қылатын шектеулерді одан әрі зерттеу мәселені тереңірек қарастырудағы перспективаға жатады.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу әлеуметтік және діни контекстерді ескере отырып, икемді және бейімделген заңдарды әзірлеу үшін пайдалы болуы мүмкін. Исламдық және зайырлы көзқарастар арасындағы қиылысулар мен айырмашылықтар туралы түсінік береді.

### Әдебиеттер тізімі

1 Акурпикова Г. Ислам дініндегі жауапкершілікке қабілетті тұлға // [Электронды ресурс] URL: [http://www.rusnauka.com/1\\_KAND\\_2018/Philosophia/5\\_232558.doc.htm](http://www.rusnauka.com/1_KAND_2018/Philosophia/5_232558.doc.htm) (Қаралған күні: 27.05.2023)

2 Түсіпхан И. Ислам құқығына кіріспе. – Алматы: Нұр-мубарак, 2021. – 240 б.

3 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі // [Электронды ресурс] URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_) (Қаралған күні: 01.02.2023)

4 Анарбаев Н.С., Әкімханов А. Б. Құран кәрім (қазақша түсіндірмелі аударма). – Алматы, 2023. – 624 б.

5 Мухаммад ибн Ахмад әл-Әнсари әл-Құртуби. Жамиг ли әхкам әл-Құран. – Бейрут, Муәссә әр-рисәля, 2006. – 13-том, 536 б.

6 Әз-Зухәйли Уаһба Мұстафа. Усул әл-фиқһ. – Дамаск: Дар әл-Фикр, 1986. – 1-том, 728 б.

7 Абдулуһнаб Халләф. Илм усул әл-фиқһ. – Каир: Дар әл-фикр әл-араби, 2016. – 286 б.

8 Мұстафа Ибраһим, әл-Заят Ахмед Хасан, Абдел Қадер, Хамед әл-Наджар, Мұхаммед Әли. Муғжам әл-Уасит. – Каир: Мәктәбә шуруқ әл-дәулия, 2004. – 1067 б.

9 Фахруддин әр-Рази. Мәфәтих әл-ғайб. – Бейрут: Дар әл-фикр, 1981. – 25-том, 280 б.

10 Алауддин Абдулазиз ибн Ахмед әл-Бұхари. Кәшф әл-асрар ған усул фәхр әл-ислам әл-Баздауи. – Бейрут: Дәр әл-кутуб әл-илмия, 1997. – 4-том, 402 б.

11 Нуруддин Абу әл-Хасан Али ибн Султан Мухаммад әл-Қари әл-Һарауи. Тәудих әл-мәбәни уә тәнқиһ әл-мәғәни. – Бейрут: Дәр әс-Садер, 2006. – 491 б.

12 Мұстафа Ахмад әз-Зарқа. Әл-Мәдхәл әл-фиқһи әл-әм. – Димашқ: Дәр әл-қалам, 2004. – 1159 б.

13 Ғиәд ибн Нәми әс-Сәлми. Усул әл-фиқһ әлләзи лә йәсәғу фақиһ жаһлуһу. – Рияд: Дәр әт-тәдмурия, 2005. – 500 б.

14 Мухаммад Ғубәйдулла әл-Әсғәди. Әл-Мужәз фи усул әл-фиқһ. – Стамбул: Дәр әс-сәләм, 2021. – 351 б.

15 Мухаммад Мұстафа әз-Зухәйли. Әл-Уәжиз фи усул әл-фиқһ әл-исләми. – Димашқ: Дәр әл-хайр, 2006. – 1-том. – 531 б.

16 Омарова А.Б., Абишева А.Н. Учебное пособие. Гражданское право. – Алматы:

2015. – 219 б.

17 Уәһбә ибн Мұстафа әз-Зухәйли. Әл-фиқһ әл-исләми уә әдилләтуху. – Сирия: Дәр әл-фикр. – 4-том. – 976 б.

18 Ибн Абидин. Хәшия рад әл-мухтар. – Бейрут: Дәр әл-фикр, 1966. – 6-том, 315 б.

19 Уәли әд-Дин Мухаммад Салих әл-Фарфур. Әл-музхәб фи усул әл-мәзхәб ғәлә әл-мунтәхәб. – Димашқ: Мәктәбә әл-фарфур, 1996. – 2-том. – 686 б.

20 Каудыров Т. Е., Мукашева К. В. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций. – Алматы: Нур-пресс, 2006. – 722 б.

21 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) // [Электронды ресурс] URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_) (Қаралған күні: 27.05.2023)

22 Ғабдиллаһ ибн Махмуд ибн Маудуд әл-Мәусули әл-Ханафи. Әл-Ихтияр ли тағлил әл-мухтар. – Каир: әл-Хәләби, 1937. – 2-том. – 173 б.

23 Ғабд әл-Ғани әд-Димәшқи әл-Мәйдәни әл-Ханафи. Әл-Лубаб фи шарх әл-Китаб. – Бейрут: Мәктәбә әл-ғилмия. – 2-том. – 234 б.

24 Гражданское право (учебник для вузов, академический курс, том 1, (главы 1-15) // [Электронды ресурс] URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30002463&mode=p&page=7&pos=687;-42#pos=687;-42](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30002463&mode=p&page=7&pos=687;-42#pos=687;-42) (Қаралған күні: 01.02.2023)

25 Ғабд әл-Кәрим Зәйдән. Әл-уәжиз фи усуль әл-фиқһ. – Бағдат: Муәссәһ әл-құртубә, 1976. – 434 б.

### Transliteration

1 Akurpikova G. Islam dinidegi zhauapkershilikke qabiletti tulga [A person capable of responsibility in Islam] // [Jelektronny resurs] URL: [http://shhshshhh.rusnauka.com/1\\_KAND\\_2018/Philosophia/5\\_232558.doc.htm](http://shhshshhh.rusnauka.com/1_KAND_2018/Philosophia/5_232558.doc.htm) (Qaralghan kuni: 27.05.2023) (in Kaz)

2 Tusipkhan Imammedi. Islam ququgyna kirispe [An Introduction to Islamic Law]. – Almaty, Nur-mubarak, 2021. – S. 240. (in Kaz)

3 Qazaqstan Respublikasynyn azamatyq kodeksi [Civil Code of the Republic of Kazakhstan] // [Jelektronny resurs] URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_) (Qaralghan kuni: 01.02.2023) (in Kaz)

4 Anarbaev N. S., Akimkhanov A.B. Quran Karim (kazakhsha tusindirmeli audarma) [Quran Karim (Kazakh interpretive translation)]. – Almaty, 2023. – S. 624. (in Kaz)

5 Muhammad ibn Ahmad al-Ansari al-Qurtubi. Jamig li ahkam al-Qur'an [A comprehensive collection of the provisions of the Qur'an]. – Beirut, Muassa al-risalya, 2006. – Volume 13, S. 536. (in Arabic)

6 Az-Zuhayli Wahba Mustafa. Usul al-fiqh [Principles of jurisprudence]. – Damascus, Dar al-Fikr, 1986. – Volume 1. – S. 728. (in Arabic)

7 Abdulwahhab Khallaf. Ilm usul al-fiqh [Principles of jurisprudence]. – Cairo, Dar al-fikr al-arabi, 2016. – S. 286. (in Arabic)

8 Mustafa Ibrahim, al-Zayat Ahmed Hasan, Abdel Kader, Hamed al-Najjar, Muhammad Ali. Mugjam al-Wasit [Intermediate Dictionary]. – Cairo, Maktaba shuruk al-dawlia, 2004. – S. 1067. (in Arabic)

9 Fakhruddin ar-Razi. Mafatih al-ghayb [The keys to the unseen]. – Beirut, Dar al-fikr, 1981. – Volume 25. – S. 280. (in Arabic)

10 Alauddin Abdulaziz ibn Ahmed al-Bukhari. Kashf al-asrar gan usul fahr al-Islam al-Bazdawi [Revealing the secrets about the origins of Fakhr Al-Islam Al-Bazdawi]. – Beirut, Dar al-kutub al-`ilmiya, 1997. – Volume 4. – S. 402. (in Arabic)

11 Nuruddin Abu al-Hasan Ali ibn Sultan Muhammad al-Qari al-Harawi. Tawdih al-Mabani wa Tanqih al-Maghani [Clarifying the buildings and refining the meanings]. – Beirut, Dar al-Sader, 2006. – S. 491. (in Arabic)

12 Mustafa Ahmad az-Zarqa. Al-Madkhal al-fiqhi al-`am [General jurisprudential introduction]. – Damascus, Dar al-kalam, 2004. – S. 1159. (in Arabic)

13 Giad ibn Nami al-Salmi. Usul al-fiqh allazi la yasagu faqih jahluhu [The principles of jurisprudence that no jurist can ignore]. – Riyadh, Dar al-Tadmuriya, 2005. – S. 500. (in Arabic)

14 Muhammad Gubaydullah al-Asgadi. Al-Mujaz fi usul al-fiqh [The summary of jurisprudence]. – Istanbul, Dar as-Salaam, 2021. – S. 351. (in Arabic)

15 Muhammad Mustafa az-Zuhayli. Al-Wajiz fi usul al-fiqh al-Islami [Concise in the principles of Islamic jurisprudence]. – Damascus, Dar al-Khair, 2006. – Volume 1. – S. 531. (in Arabic)

16 Omarova A.B., Abisheva A.N. Uchebnoye posobiye. Grazhdanskoye pravo. [Tutorial. Civil law.] – Almaty: 2015. – S. 219. (in Rus)

17 Wahba ibn Mustafa az-Zuhayli. Al-fiqh

al-islami wa adillatuhu [Islamic jurisprudence and its evidence]. – Syria, Dar al-fikr. – Volume 4. – S. 976. (in Arabic)

18 Ibn Abidin. Hashiya rad al-mukhtar [Footnote response to the chosen]. – Beirut, Dar al-fikr, 1966. – Volume 6. – S. 315. (in Arabic)

19 Wali al-Din Muhammad Salih al-Farfur. Al-muzhab fi usul al-mazhab gala al-muntakhab [Gilded in the origins of the doctrine on the elect]. – Dimashq, Maktaba al-farfur, 1996. – Volume 2. – S. 686. (in Arabic)

20 Kaudyrov T. E., Mukasheva K. V. Grazhdanskoye pravo. Obshchaya chast. Kurs lektsiy [Civil law. A common part. Lecture course.] – Almaty: Nur-press, 2006. – S. 722. (in Rus)

21 Qazaqstan Respublikasynyn azamattyq kodeksi (erekshe bolim) [Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special part)] // [Jelektrondy resurs] URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_) (Qaralgan kuni: 27.05.2023) (in Kaz)

22 Gabdillah ibn Mahmud ibn Maudud al-Mausuli al-Hanafi. Al-Ikhtiyar li taghlil al-mukhtar [Selection to explain the chosen one]. – Cairo, Al-Halabi, 1937. – Volume 2. – S. 173. (in Arabic)

23 Ghabd al-Ghani al-Dimashqi al-Maydani al-Hanafi. Al-Lubab fi Sharh al-Kitab [The mind in explaining the book]. – Beirut, Maktaba al-Gilmiya. – Volume 2. S. 234. (in Arabic)

24 Grazhdanskoe pravo (uchebnik dlja vuzov, akademicheskij kurs, tom 1, (glavy 1 - 15) [Civil law (textbook for universities, academic course, volume 1, (chapter 1 - 15))] // [Jelektrondy resurs] URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30002463&mode=p&page=7&pos=687;-42#pos=687;-42](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30002463&mode=p&page=7&pos=687;-42#pos=687;-42) (Qaralgan kuni: 01.02.2023) (in Russ)

25 Ghabd al-Karim Zaidan. Al-wajiz fi usul al-fiqh. [Concise in the principles of jurisprudence] – Baghdad: Muassah al-Qurtuba, 1976. – S. 434. (in Arabic)

## АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

<i>Асхат Асқарұлы Бектуғанов</i>	Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, endernumber10@gmail.com
<i>Рашид Сражович Мухитдинов</i>	доцент м.а., филология ғылымдарының кандидаты, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, mukhitdinov.rashid@gmail.com
<i>Асхат Аскарлович Бектуганов</i>	Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, endernumber10@gmail.com
<i>Рашид Сражович Мухитдинов</i>	и.о. доцент, кандидат филологических наук, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, mukhitdinov.rashid@gmail.com
<i>Askhat Bektuganov</i>	Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, endernumber10@gmail.com
<i>Rashid Mukhitdinov</i>	Acting Assistant Professor, Candidate of Philological Sciences, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, mukhitdinov.rashid@gmail.com